



**БЕТ НЕРВІ
АНАТОМИЯСЫ, ҚЫЗМЕТІ,
ЗАҚЫМДАНУ БЕЛГІСІ,
ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ.**

**Дарменов Р.А.
621 ЖДП**




N. facialis (n. intermedio facialis), бет нерві - аралас нерв. Екінші желбезек доғасы нерві ретінде одан дамыған бұлшықеттерді-барлық мимикалық (бет қимылы) және тіласты бұлшықеттерінің бір бөлігін нервтендіреді және оның құрамында қозғалыс ядросының осы бұлшықеттерге баратын эфферентті (қозғалыс) талшықтары мен сол бұлшықеттердің рецепторларынан шығатын эфферентті (проприоцептивті) талшықтар болады. Сондай-ақ оның құрамында аралық, n. intermedius, нервке жататын дәм сезу (афферентті) және секреттік (эфферентті) да бар.

Құраушы бөліктеріне сәйкес n. facialis-тің көпірде жайғасқан үш ядросы бар: қозғалыс ядросы-nucleus motorius nervi facialis, сезімтал ядросы-nucleus solitarius және секреттік ядросы - nucleus salivatorius superius. Соңғы екі ядро nervus intermedius-ке жатады




? Бет нерві көпірдің артқы жиегінің бүйір жағында кіреберіс-ұлу нервiмен қатарласа, *linea trigeminofacialis*-тен шығады. Содан кейін соңғы нервпен бірге ішкі есту тесігіне өтіп, без өзегіне *canalis facialis* енеді. Нерв өзекте алдвмен горизонтальды жазықтықта дабыл қуысының ішкі қабырғасының жоғарғы бөлігінде өтеді. Дабыл қуысының артқы қабырғасында нерв қайтадан иіліп, тік төмен түсіп, *foramen stylomastoideum* арқыл бассүйектен шығады. Нервтің артқа қарай бұрылатын жерінде бұрыш түзіледі (*тізешік-geniculum*). Оның сезімтал (дәм сезу) бөлігі кішкене нерв түйіншесін - *ganglion geniculi* (*тізешік түйінін*) түзеді. Бет нерві *foramen stylomastodeum*-нен шыққаннан кейін шықшыт безі қабатына еніп, өзінің соңғы тармақтарына бөлінеді.





САМАЙ СҮЙЕГІНЕ АТТАС ӨЗЕГІ БОЙЫНДА БЕТ НЕРВІ МЫНАДАЙ ТАРМАҚТАР БЕРЕДІ:

- ? 1. N. petrosus major (секреттік нервi)-иін аймағынан басталып, hiatus canalis n. petrosus majoris арқылы шығады, содан кейін самай сүйегі пирамидасының алдыңғы бетінде аттас жүлгемен sulcus n. petrosus majoris жүріп, симпатикалық нервпен, n. petrosus profundus-пен бірге canalis ptergoideus-қа өтіп, ол нервпен бірге n. canalis ptergoidei түзіп, ganglion ptergopalatinum-ге жетеді. Нерв түйінде үзіледі де, оның талшықтары rami nasales posteriores пен nn. palatine құрамында мұрын мен таңдайдың шырышты қабығының бездеріне барады. Талшықтардың бір бөлігі n. zygomaticus құрамында, оның n. lacrimalis-пен байланысы арқылы көзжасы безіне жетеді.
- ? 2. N. stapedius (бұлшықеттік)- m. stapedius-ты нервтендіреді.
- ? 3. Chorda tympani (аралас тармақ)-бет өзегінің төменгі бөлігінде бет нервiнен бөлініп, дабыл қуысына өтіп, сол жерде дабыл жарғағының медиалды бетінде орналасып, содан кейін fissura retrotympanica арқылы шығады. Ол саңылаудан сыртқа шыға, төмен және алға қарай түсіп, тіл нервiне қосылады.




a


Верхняя
мимическая
мускулатура

Нижняя
мимическая
мускулатура

- venter frontalis m. epicranii*
- m. corrugator supercilii*
- m. orbicularis oculi*
- m. nasalis*
-
- m. buccinator*
- m. zygomaticus major*
- m. orbicularis oris*
- m. mentalis*
-
- m. platysma*



б



Дамыл шегінің сезімтал (дәм сезу) бөлігі тізешік түйінінде жатқан жасушалардың шеткі өсінділері тіл нервінің құрамында тілдің шырышты қабығына келіп, оның алдыңғы 2/3 бөлігін дәм сезу талшықтарымен жабдықтайды. Секреттік бөлігі ganglion submandibulare-ге келіп, ондағы үзілістен кейін төменгі жақссүйекасты және тіласты сілекей бездерін секреттік талшықтарымен жабдықтайды.


Foramen stylomastoideum-нен шыққаннан кейін n. facialis мынадай бұлшықет тармақтарын береді:

1. N. auricularis posterior, m. auricularis posterior және venter posterior m. epicranii-ді нервтендіреді.
2. Ramus digastricus арқылы m. digastricus артқы құрсақасты мен m. stylohyoideus-ті нервтендіреді.
3. Беттің мимикалық бұлшықеттеріне баратын көптеген тармақтар шықшыт безінде өрім, plexus parotideus, түзеді. Бұл тармақтар безден шығып, жалпы алғанда арттан алға қарай радиарлы бағытта таралады.

Олар бетке және мойынның жоғарғы бөлігіне барып, үшкіл нервтің теріасты тармақтарымен кеңінен анастомозданады.

Ол тармақтардың ішінде мыналарды ажыратады:

- ? а) **rami temporales**, олар: mm. auricularis anterior et superior, venter frontalis m. epicranius және m. orbicularis oculi-ге барады;
- ? ә) **rami zygomatici**, олар: m. orbicularis oculi және m. zygomaticus-ке барады;
- ? б) **rami buccales** ауыз шеңбері мен мұрын бұлшықеттеріне барады;
- ? в) **ramus marginalis mandibulae** - төменгі жақсүйек жиегімен жүріп, иек және төменгі ерін бұлшықеттеріне баратын тармақ;
- ? г) **ramus colli** - мойынға түсіп, теріасты бұлшықетін нервтендіреді.



**Бет нервісінің әр түрлі
деңгейде зақымдану
белгілері.**



Бет нервісінің сыртқы неврону зақымданса, беттің зақымданған жағындағы бұлшық еттері сал болып қалады. Осыған байланысты беттің әжімдері тұтасып, көз аясы кеңіп, қабағы қозғалмай, көзі жұмылмай қалады (“қоянның көзі” тәрізді белгі), көзін жұмғанда көз алмасы жоғары қарай ауытқып, үстіңгі және төменгі кірпіктерінің арасынан көздің ағы көрініп тұрады (Белл симптомы).

Bell's Palsy

Inability to wrinkle brow

Drooping eyelid;
inability to close eye

Inability to puff cheeks;
no muscle tone

Drooping mouth;
Inability to smile or pucker



? Тістерін ақситқанда ауыз зақымданған жаққа қисайып леп белгісіне ұқсайды- “шарко леп белгісі”. Екі ұртын томпайтқанда зақымдалған жақтағы ұрт томпаймайды.





Рис. 131. Паралич мимической мускулатуры слева.

a — оскал зубов; *б* — попытка закрыть глаза; *в* — наморщивание лба (из работы М. И. Антроповой).

БЕТ НЕРВІНІҢ ПЕРИФЕРИЯЛЫҚ САЛДАНУЫ



ЗАҚЫМДАНУ СИМПТОМДАРЫ.

1. Мийяр –Гублер айқасушы синдромы.

Ми бағанында бет нервінің ядросымен қоса пирамида жолы зақымданғандықтан зақымданған жақта бет бұлшық еттері сал болып қалады да, қарама-қарсы жағында сіреспелі гемиплегия немесе гемипарез болады.



2. Көпір-мишық бұрышының зақымдануы.

Үшкіл нерв, бет немесе есту нервтері қосарлана зақымдануына байланысты зақымданған жақта беттің сезімділігі жойылады және оның бұлшық еттері сал болып қалады, есту қабілеті төмендейді (гипакузия), естімей қалады (анакузия), дененің тепе-теңдігі жойылады (атаксия).

3. Егер көпір-мишық бұрышын зақымдандыратын ошақ ми бағанын жаныша әсер ететін болса, онда зақымданған жақта мишық атахсиясы, ал қарама-қарсы жағында сіреспелі гемиплегия немесе гемипарез болады.

